ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ӨРТ ТЕХНИКАСЫ
ӨРТ СӨНДІРЕТІН АЭРОЗОЛЬ ГЕНЕРАТОРЛАРЫ
Жалпы техникалық талаптары. Сынау әдістері

ТЕХНИКА ПОЖАРНАЯ
ГЕНЕРАТОРЫ ОГНЕТУШАЩЕГО АЭРОЗОЛЯ
Общие технические требования. Методы испытаний

ҚР СТ 1489-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ӨРТ ТЕХНИКАСЫ
ӨРТ СӨНДІРЕТІН АЭРОЗОЛЬ ГЕНЕРАТОРЛАРЫ

Жалпы техникалық талаптары. Сынау әдістері

ҚР СТ 1489-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс жөніндегі арнайы ғылыми-зерттеу орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕДІ**

2 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2006 жылғы 10 сәуіріндегі № 138 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

4 Осы стандартта ИСО/МЭК 62 «Өрт сөндіру терминдерінің глоссарийі», ИСО 7240/1 «Өрт дабылдау жүйесі. 1-бөлім. Жалпы талаптар. Терминдер мен анықтамалар» Халықаралық стандарттарының талаптары ескерілген.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ **2011 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар, белгілер және қысқартулар	2
4	Жіктеу	3
5	Жалпы техникалық талаптар	3
6	Қауіпсіздік талаптары	7
7	Сынау әдістері	8
А қосымшасы	Қабылдау-өткізу, типтік, біліктілік және кезеңдік сынақтарының бағдарламасы	18
Б қосымшасы	В сыныбына жататын үлгілік өрт ошақтарының параметрлері	20
В қосымшасы	А сыныбына жататын үлгілік өрт ошағы құрылғысы және параметрлері	21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ӨРТ СӨНДІРУ ТЕХНИКАСЫ
ӨРТ СӨНДІРЕТІН АЭРОЗОЛЬ ГЕНЕРАТОРЛАРЫ

Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері

Енгізілген күні 2007.01.01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын отандық және шеттен әкелінетін өрт сөндіргіш аэрозоль алуға және оны өрт сөндіру кезінде қорғалатын үй-жайларға жіберуге арналған пиротехникалық немесе қатты отыннан аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрам негізінде жасалған өрт сөндіретін аэрозоль генераторларына таралады.

Осы стандарт өрт сөндіретін аэрозоль генераторларының жалпы техникалық талаптарын, қауіпсіздік талаптарын, сынақ жүргізу тәртібін және әдістерін белгілейді.

Осы стандарт көлік құралдарын және арнайы объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіретін аэрозоль генераторларына таралмайды.

Стандарттың ережелері өнім шығаруды әзірлеуде және ұйымдастыруда, өнімді жетілдіруде және өткізуде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 -2002 Сигнал түстері, қауіпсіздік белгілері және сигнал таңбасы. Жалпы техникалық шарттары және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1167 -2002 Өрт сөндіру автоматикасы. Жіктеу. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1174 -2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету

ГОСТ 2.114 -95 ҚҚБЖ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9.032 -88 ТЕСБЖ Лактау-сырлау жабындары. Топтар, техникалық талаптар және белгілеу.

ГОСТ 9.104 -79 ТЕСБЖ Лактау-сырлау жабындары. Пайдалану шарттарының топтары.

ГОСТ 9.301 -86 ТЕСБЖ Металдан және неорганикалық металл емес заттардан жасалған жабындар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.302 -88 ТЕСБЖ Металдан және неорганикалық металл емес заттардан жасалған жабындар. Бақылау әдістері.

ГОСТ 9.303 -84 ТЕСБЖ Металдан және неорганикалық металл емес заттардан жасалған жабындар. Таңдауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 9.402-80 ТЕСБЖ Лактау-сырлау жабындары. Металл үстін сырлау алдында дайындау.

ГОСТ 12.1.004-91 Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 15.001-88 Өнім шығаруды әзірлеу және ұйымдастыру жүйесі. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім.

ГОСТ 27.003 -90 Техниканың сенімділігі. Құрамы және сенімділік жөніндегі талаптарды тапсырудың жалпы ережелері .

Ресми басылым

ГОСТ 27.410 -87 Техниканың сенімділігі. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау тәсілдері мен сенімділікті бақылау сынақтарының жоспары.

ГОСТ 2084 -77 Автокөлік бензиндері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8486 -86 Қылқан жапырақты ағаштан жасалған кесілмелі материалдар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12766.1-90 Жоғары электрлік кедергісі бар мүлтіксіз қорытпадан жасалған сым. Техникалық шарттар.

ГОСТ 15150 -69 Машиналар, құралдар және басқа техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандар үшін орындалуы. Санаты, пайдалану шарттары, сақтау және сыртқы ортаның климаттық факторлары әсер ететін бөліктерде тасымалдау.

ГОСТ 16588 -91 Кесілген өнім және ағаш бөлшектер. Ылғалдылығын анықтау әдістері.

ГОСТ 18321-73 Сапаны статистикалық бақылау. Өнім данасының таңдамасын кездойсоқ таңдау әдісі.

ГОСТ 19433 -88 Қауіпті жүктер. Жіктеу және таңбалау.

ГОСТ 20448-90 Коммуналдық-тұрмыстық тұтынуға арналған көмірсутектік сұйытылған жанғыш газдар. Техникалық шарттары.

ГОСТ 26319 -84 Қауіпті жүктер. Буып-түю.

ГОСТ 27331 -87 Өрт сөндіру техникасы. Өрттерді жіктеу.

3. Анықтамалар, белгілер және қысқартулар

3.1 Анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1167 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Осы стандарта оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары белгіленген:

3.1.1 **Аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрам**: Өрт сөндіретін аэрозоль түзе отырып, ауасыз өздігінен жануға қабілетті арнайы құрам үйлесімі.

3.1.2 **Өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты (ұзақтылығы)**: Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының шығару саңылауынан өрт сөндіргіш аэрозоль жіберу басталған сәттен бастап біту сәтіне дейінгі уақыт аралығы.

3.1.3 **Генератордың шығару саңылауы**: Генератордың саңылауы, одан шыққан аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрамның жану өнімдері қоршаған орта ауасымен араласа бастайды.

3.1.4 **Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының жандыруға қабілеттілігі**: Аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрамның жоғары температурадағы жану өнімдері (қызған қатты бөлшектерін қоса алғанда) және генератордың қызған құрылымдық бөлшектері әсер етуі арқылы заттар мен материалдарды тұтандыру мүмкіндігі.

3.1.5 **Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының серпінділігі (іске қосылу уақыты)**: Электрлік іске қосуға сигналын беру сәтінен бастап өрт сөндіретін аэрозоль генераторының шығару саңылауынан өрт сөндіргіш аэрозоль жіберу басталған сәтке дейінгі уақыт аралығы.

3.1.6 **Өрт сөндіретін аэрозоль генераторы іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігі**: Генератордағы аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрам заряды салмағының шартты герметикалық үй-жайда генератор белгілі бір үлгілік өрт ошағын сөндіруді қамтамасыз ететін ең үлкен көлеміне қатынасы.

3.1.7 **Қорғалатын үй-жай герметикасыздығының параметрі**: Қорғалатын үй-жайдың герметикасыздығына сандық сипаттама беретін және барлық үнемі ашық тұратын ойықтар ауданы сомасының қорғалатын үй-жай ауқымына қатынасына тең келетін мөлшері.

3.1.8 **Өрт сөндіретін аэрозоль генераторын қосу торабы**: Өрт сөндіретін аэрозоль генераторын іске қосу кезінде электр сигналын аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрамды тұтандыруға қажетті энергияға айналдыратын құрылғы.

3.1.9 **Шартты герметикалық үй-жай**: Герметикасыздық параметрі 0,001, $м^{-1}$ аспайтын үй-жай.

3.2 Белгілер

3.2.1 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының құрылымында мынадай белгілер болады:

ӨАГ - Х - ХХХ - ХХХ - ХХХ - ХХХ
(1) (2) (3) (4) (5) (6),

мұнда 1 - бұйымның атауы: өрт сөндіретін аэрозоль генераторы;

2 - 5.1.1 т. 1-кесте бойынша генератор типі;

3 - аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрамның салмағы;

4 - өрт сөндіретін аэрозоль генераторы іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің В сыныбына жататын өрт ошағы үлгілерін сөндіруге қабілеттілігі, $г/м^3$;

5 - өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты, с;

6 - өрт сөндіретін аэрозоль генераторы сәйкестеліп дайындалған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттаманың белгісі.

3.2.2 Шартты белгінің мысалы:

ӨАГ –II – 2,00 – 047 – 030 – ТУ 4854-003-07509209-94

Шартты белгінің мысалы мынадай ақпараттарды құрайды: көлемді аэрозольмен өрт сөндірудің тұрақты жүйелерінде қолданылатын өрт сөндіретін аэрозоль генераторы, екінші типке жатады (іске қосылған кезде температурасы 130-дан 500 °С-қа дейін өрт сөндіргіш аэрозоль түзетін), толтырылған генератордағы аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрам зарядының салмағы 2,0 кг, өрт сөндіретін аэрозоль генераторы іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағын сөндіруге қабілеттілігі 47 $г/м^3$, өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты 30 с, нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларға сәйкес дайындалған.

3.3 Қысқартулар

3.3.1 **АӨҚ** - аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрам;

3.3.2 **ӨАГ** - өрт сөндіретін аэрозоль генераторы.

4 Жіктеу

ӨАГ жіктеу ҚР СТ 1167 бойынша.

5. Жалпы техникалық талаптар

Өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары осы стандарттың және ӨАГ нақты түріне арналған, белгіленген тәртіппен бекітілген өзге де нормативтік құжаттардың немесе техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес дайындалуы тиіс.

5.1 Арналу талаптары

5.1.1 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары А және В кластарына жататын өрттерді ГОСТ 27331 бойынша биіктігі 10 м аспайтын үй-жайларда көлемді әдіспен сөндіруге, сондай-ақ ӨАГ нақты түрінің техникалық деректерінен аспайтын шекте кернеуде тұрған электр жабдықтарын сөндіруге қабілеттілікті қамтамасыз етуі тиіс.

ӨАГ негізгі сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес болуы тиіс.

1- к е с т е – Өрт сөндіретін аэрозоль генераторларының негізгі параметрлері

ӨАГ негізгі параметрлері	ӨАГ типі		
	I	II	III
ӨАГ шығару саңылауы қиығындағы аэрозоль өнімдерінің температурасы, °С	500 көп	130 ÷500	130 кем
Жабдықталған генератордағы АӨҚ салмағы, кг, көп емес	15,0	15,0	15,0
В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағына арналған ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігі, кг/м^3, көп емес	0,2	0,7	0,7
Өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты, с	5 ÷ 200	5 ÷200	5 ÷200
Серпінділік (іске қосылу уақыты):			
- электрлік сигналмен қосылатын ӨАГ үшін номиналдық мән (± 0,5 с аспайтын ауытқумен), с, көп емес;	5,0	5,0	5,0
- жылу сигналымен қосылатын ӨАГ үшін	Нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларға сәйкес		

5.1.2 Өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты (берілген температурада) ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда белгіленген мәннен ±15 % аспауы тиіс;

5.1.3 ӨАГ серпінділігі (іске қосылу уақыты) ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда белгіленген мәннен ±5 с аспауы тиіс.

5.2 Құрылымына қойылатын талаптар

5.2.1 Габариттері, жабдықталған өрт сөндіретін аэрозоль генераторының салмағы және ӨАГ іске қосылғанда түзілетін температурасы 75, 200 және 400 °С асатын аймақтардың мөлшері, сондай-ақ генератор В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағын сөндіруді қамтамасыз ететін шартты герметикалық үй-жайдың ең үлкен көлемі дайындаушымен белгіленген және ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілген мәндерге сәйкес болуы тиіс.

5.2.2 Жабдықталған ӨАГ салмағы және өрт сөндіретін аэрозоль генераторындағы АӨҚ салмағы ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда белгіленген мәндерден ±5 % (салм.) аспауы тиіс.

5.2.3 ӨАГ электрлік сигналмен қосу параметрлері (кернеу, тоқ күші, оның түрі және өткізу ұзақтылығы) 5.5.3.9 т. сәйкес сигналмен берілуі тиіс және нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда берілген, аэрозольмен өрт сөндіру қондырғысының құрамындағы өрт сөндіретін аэрозоль генераторын пайдалану кезінде қосу торабы тізбегінің жағдайын бақылау үшін қажетті параметрлері бар (кернеу, тоқ күші, оның түрі және өткізу ұзақтылығы) сигналмен берілмеуі тиіс.

5.2.4 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының жұмысы аяқталғаннан кейін ӨАГ корпусы сыртқы бетінде азынау жарықшақтарының, өртенудің және жанудың болуына рұқсат етілмейді. Лактау-сырлау жабынының күйіп кетуі рұқсат етіледі.

5.2.5 ӨАГ құрылымында оның бүтіндігін бақылау мақсатында алмалы-салмалы жалғасуларды (бекіткіштерден басқа) пломбалау мүмкіндігі көзделуі тиіс.

5.2.6 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторын дайындау кезінде қолданылатын бөлшектер, жинақтауыш бұйымдар мен материалдар ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларға сәйкес болуы тиіс.

5.3 Сенімділік талаптары

5.3.1 Жұмыс істеу мерзімі ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілуі тиіс.

5.3.2 ӨАГ үздіксіз жұмыс істеу ықтималдылығы 0,95 кем болмауы тиіс.

5.3.3 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының жұмыс істеу сенімділігі көрсеткіштерінің ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілген деректерге сәйкестігін тексеру тәртібі ГОСТ 27.410 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Генератордың жұмыс істемей қалуы мыналар болып есептеледі:

- генератордың қосылмауы;
- ӨАГ сынау кезінде алынған генератордан өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақытының 5.1.1 т. талаптарына сәйкеспеуі;
- сынау нәтижелерінің 5.2.4 т. талаптарына сәйкеспеуі.

5.4 Сыртқы әсерлерге қойылатын төзімділік талаптары

5.4.1 Өзгеру шектері дайындаушымен белгіленген және ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілген пайдалану шарттарын еліктіретін діріл әсер еткеннен кейін ӨАГ жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.

5.4.2 Дайындаушымен белгіленген және ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілген пайдалану және сақтау температуралары аралығында ӨАГ жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.

5.4.3 ӨАГ тоттану әсеріне төзімді болуы тиіс. Тоттануға төзімді материалдардан жасалмаған металл беттің және ӨАГ бөлшектерінің ГОСТ 9.301 және ГОСТ 9.303 талаптарына сәйкес қорғаныстық жабындары болуы тиіс.

5.4.4 Лактау-сырлау жабындары ГОСТ 9.032, ГОСТ 9.104 талаптарына сәйкес орындалуы тиіс, өзінің қорғаныштық және әшекейлік қасиеттерін жұмыс істеуге арналған толық мерзімі ішінде сақтауы тиіс.

Бетті сырлауға дайындау ГОСТ 9.402 талаптарына сәйкес орындалады.

Өрт сөндіретін аэрозоль генераторы корпусының сыртқы беті ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.5 Жиынтықтылық

5.5.1 Жеткізу жинақтамасына:

- қосу торабымен жабдықталған ӨАГ;
- бекітуге арналған тіреуіш (жинақтау-бағыттауыш бөлігі);
- топтық жөндеу жинағы (көтерме жеткерім кезінде). ӨАГ техникалық күтім жасаумен айналысатын ұйымның талабы бойынша техникалық күтім жасау жөніндегі нұсқаулық жіберілуі тиіс.
- техникалық құжаттама (паспорты, техникалық сипаттамасы және пайдалану жөніндегі нұсқаулық) кіргізілуі тиіс.

Ескерту

1 Қосу торабымен жабдықталмаған генератор үшін жеткеру жинағына қосымша қосу торабы кіргізілуі тиіс.

2 Қосымша бөлшектердің, сайманның және керек-жарақтардың тізімі және топтық жөндеу жинағының болуы нақты бұйымға арналған міндетті нормалар мен техникалық құжаттамаларға сәйкес жеткеру келісім-шартын жасасу кезінде келісілуі тиіс.

5.5.2 Тіреуіштер немесе өзге бекіту элементтері пішіні мен геометриялық өлшемдерін өзгертпестен ӨАГ нақты түрінің толық салмағынан 5 есе артық статикалық жүктемеге берік болуы тиіс.

5.5.3 ӨАГ қоса берілетін нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда оның арналуын, қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды сипаттайтын мынадай параметрлері көрсетілуі тиіс:

5.5.3.1 Жабдықталған ӨАГ салмағы, кг.

5.5.3.2 Жабдықталған өрт сөндіретін аэрозоль генераторындағы өрт сөндіргіш аэрозольдің салмағы, кг.

5.5.3.3 Пайдалану және сақтау температураларының аралығы.

5.5.3.4 ӨАГ В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағын сөндіруді қамтамасыз ететін шартты герметикалық үй-жайдың ең үлкен көлемі, $м^3$.

5.5.3.5 ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағына қатысты өрт сөндіруге қабілеттілігі, $кг/м^3$.

5.5.3.6 Өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақыты, с және оның пайдалану температураларының аралығында өзгеру ауқымы.

5.5.3.7 Серпінділік (іске қосылу уақыты), с және пайдалану температураларының аралығында оның өзгеру ауқымы.

5.5.3.8 ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің өрт сөндіретін аэрозоль генераторының осы түрімен сөндіру ұсынылатын жанғыш заттар мен материалдарға қатысты өрттерді сөндіруге қабілеттілігі.

5.5.3.9 ӨАГ қосуға қажетті электрлік сигнал параметрлері (кернеу мөлшері, ток күші, оның түрі және өткізу ұзақтылығы).

5.5.3.10 Аэрозольмен өрт сөндіру қондырғысының құрамындағы ӨАГ пайдалану кезінде электрлік қосу тізбегінің жағдайын бақылауға қажетті электрлік сигнал параметрлері (кернеу, ток күші, оның түрі және өткізу ұзақтылығы).

5.5.3.11 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының габариті.

5.5.3.12 ГОСТ 27. 003 талаптарына сәйкес генератордың жұмыс істеу сенімділігі көрсеткіштері туралы деректер.

5.5.3.13 Объектілерде генератордың қолданылу саласын және оның сыртқы әсерлерге төзімділігін айқындайтын ҚР СТ 4.4. т. талаптарына сәйкес параметрлері.

5.5.3.14 Тасымалдау және сақтау шарттары.

5.5.3.15 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының жұмысы кезінде түзілетін температурасы 75, 200 және 400 °С асатын аймақтардың көлемі.

5.5.3.16 ӨАГ іске қосылғанда түзілетін жылылық саны.

5.5.3.17 ӨАГ іске қосылғанда түзілетін өнімдердің саны және құрамы.

5.5.3.18 ӨАГ құлағаннан кейін өздігінен қосылмайтын, бүтіндігі мен жұмыс қабілеттілігін сақтайтын ең жоғары биіктік.

5.5.3.19 ГОСТ 19433 талаптарына сәйкес ӨАГ қауіптілік сыныбы.

5.5.3.20 Жұмыс істеу уақытында және жұмысы аяқталғаннан кейін ӨАГ корпусының ең жоғары температурасы.

5.5.3.21 ӨАГ жарылыс-қорғаныштық деңгейі (жарылыс қауіпті аймақтарда өрт сөндіретін аэрозоль генераторын пайдалану кезінде).

5.5.3.22 ӨАГ іске қосылғанда алынатын өрт сөндіргіш аэрозольдің озонбұзушылық мүмкіндігі.

5.5.3.23 ӨАГ нақты түрінің жұмыс істеу мерзімі.

5.5.3.24 Қосымша, тапсырушының талабы бойынша, ӨАГ техникалық құжаттамасында генератордың қорғалатын үй-жайдағы өрт жүктемесіне қатысты жандыру қабілеттілігін сипаттайтын параметрлері көрсетілуі мүмкін.

5.6 Буып-түю

ӨАГ буып-түю ГОСТ 26319 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.7 Таңбалау

5.7.1 Әрбір ӨАГ корпусын таңбалауда мынадай деректер болуы тиіс:

- дайындаушы-кәсіпорынның тауар белгісі;
- өрт сөндіретін аэрозоль генераторының белгісі;
- дайындалған жылы;
- топтама нөмірі.

Таңбалау ӨАГ жұмыс істеу мерзімінің ішінде бүтіндігін қамтамасыз ететін кез-келген әдіспен салынуы мүмкін.

5.7.2 Көлікті таңбалау ГОСТ 19433 талаптарына сәйкес болуы тиіс. Айла-шарғылық белгілер, негізгі, қосымша және ақпараттық жазбалар мен таңбалауды орындау әдісі ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілуі тиіс.

5.8 Тасымалдау және сақтау

5.8.1 ӨАГ тасымалдау кезінде механикалық әсерге төзімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.8.2 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторларын тасымалдау және сақтау шарттары олардың пайдалану шарттары мен ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.8.3 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторларын тасымалдау және сақтау кезінде оларды механикалық зақымдалудан, қызып кетуден, оларға тікелей күн сәулесінің түсуінен, атмосфералық жауын-шашыннан, ылғалдың және жебірлі ортаның әсерінен қорғайтын жағдайлар қамтамасыз етілуі тиіс.

5.8.4 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторларын басқа заттармен және материалдармен бірге тасымалдау және сақтау ГОСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 ӨАГ қауіптілігі ГОСТ 19433 бойынша қауіпті жүктер жіктеуіне сәйкес 4.1 тобынан жоғары болмауы тиіс.

6.2 ӨАГ корпусы мен өрт сөндіретін аэрозоль генераторын іске қосатын электрлік сигнал беруге арналған клеммалар арасындағы электрлік кедергі қалыпты климаттық жағдайларда ГОСТ 15150 бойынша 1 МОм кем болмауы тиіс.

6.3 Электрмен іске қосылатын ӨАГ үшін электрлік сигнал кернеуі 36 В аспауы тиіс.

6.4 ӨАГ жұмыс істегенде алынатын өрт сөндіргіш аэрозоль үшін озонбұзушылық мүмкіндік мәні 0,01 аспауы тиіс.

6.5 ӨАГ дайындаушы және (немесе) жеткізуші қорғалатын үй-жайда тұрған жанғыш заттардың жану көзі болып табылмайтын өрт сөндіру қондырғысы құрамындағы өрт сөндіретін аэрозоль генераторының қолданылу шарттарын белгілеуі тиіс.

6.6 Сынақ жүргізу кезінде ӨАГ нақты түріне арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда мазмұндалуы тиіс қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет.

7. Сынау әдістері

7.1 Жалпы ережелері

7.1.1 Сынақтар климаттық жағдайы қалыпты үй-жайларда ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

7.1.2 ӨАГ мынадай сынақ түрлерінен өткізіледі:

- қабылдау;
- қабылдау-өткізу;
- типтік;
- біліктілік;
- кезеңдік.

7.1.3 ӨАГ қабылдау сынағы ГОСТ 15.001 сәйкес дайындаушы мен әзірлеуші ГОСТ 2.114 бойынша техникалық құжаттамаларды ұсына отырып жасаған бағдарлама бойынша тәжірибелік топтама үлгілеріне жүргізіледі.

7.1.4 Қабылдау-өткізу сынағын дайындаушы кәсіпорын ӨАГ тұтынушыға жіберуге жарамдылығы туралы шешім қабылдау мақсатында топтамаға кіретін барлық бұйымдарды сырттай қарау және сызықтық өлшемдерін өлшеу арқылы жүргізеді.

Ескерту –Дайындау кезінде бір құжатпен жіберілген АӨҚ бір топтамасы пайдаланылған бұйымның кез-келген саны ӨАГ топтамасы ретінде қабылданылады.

7.1.5 Типтік сынақтар ӨАГ жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуші негізгі параметрлерге ықпал етуі мүмкін құрылымдық немесе өзге де (дайындау технологиясына, материалға және т.б.) өзгертулер енгізілген кезде жүргізіледі. Сынау бағдарламасы өзгертулер сипатына байланысты жоспарланады және әзірлеушімен келісіледі.

7.1.6 Біліктілік сынақтары анықтау сериясының немесе бірінші өндірістік топтаманың үлгілеріне дайындаушы мен әзірлеуші құрастырған бағдарлама бойынша кәсіпорынның өнім шығаруға әзірлігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

7.1.7 Кезеңдік сынақтар кем дегенде үш жылда бір рет қабылдау-өткізу сынағынан өткізілген үлгілерге өнім сапасының тұрақтылығы мен бұйым шығаруды жалғастыру мүмкіндігін бақылау мақсатында жүргізіледі.

7.1.8 Кезеңдік сынағынан өткізуге ұсынылатын ӨАГ нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамалары (паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқау), гигиеналық сертификаты және оның қолданылу саласын, қауіпсіздігі мен табиғат қорғауды сипаттайтын мынадай параметрлер мәні туралы белгіленген тәртіппен аккредиттелген мамандандырылған ұйымдар берген шешімі болуы тиіс:

- ГОСТ 19433 сәйкес генератордың қауіптілік сыныбының;
- жарылысқауіпті аймақтарда қолданған жағдайда ӨАГ жарылыстан қорғаныштық деңгейінің;
- генератор жұмыс істегенде алынатын өрт сөндіргіш аэрозоль үшін озонбұзушылық мүмкіндігінің.

7.1.9 Қабылдау-өткізу, типтік, біліктілік және кезеңдік сынақтарды жүргізу көлемі А қосымшасында берілген.

7.1.10 Сынау үшін үлгілерді таңдау ГОСТ 18321 бойынша жүргізіледі.

Бір техникалық көрсеткішті анықтау үшін бір ауысымда дайындалған, қабылдау-өткізу сынағынан өткізілген және бір құжатпен ресімделген кем дегенде үш бір типті ӨАГ (егер сынау әдісінде өзгедей көрсетілмесе) кездейсоқ әдіспен іріктеп алады.

7.1.11 Қандай да болса сынақ түрінен теріс нәтижелер алынған жағдайда сыналатын үлгілер санын екі есе көбейтеді және сынақты толық көлемде қайталайды. Теріс нәтижелер қайталанған жағдайда себептері анықталғанша және айқындалған ақаулар жойылғанға дейін сынақты әрі қарай жүргізу тоқталуы тиіс.

7.1.12 Дайындаушы өрт сөндіретін аэрозоль генераторын арнайы объектілерде қолдану мүмкіндігін мәлімдеген жағдайда қолдану шарттарын сипаттайтын факторлармен әсер еткеннен кейін ӨАГ жұмысқа қабілеттілігіне қосымша сынау жүргізіледі. Бұл факторлар дайындаушымен әзірленген, тапсырушымен және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органымен келісілген сынау бағдарламасында көрсетілуі тиіс.

7.2 Сынақ жүргізу тәртібі

7.2.1 Жинақтылықтың, буып-түюдің және таңбаланудың сәйкестігін, сондай-ақ ӨАГ пломбалауға арналған құрылғының бар-жоғын сырттай қарап тексереді.

7.2.2 ӨАГ габариттері

ӨАГ габариттерін өлшеу қателігі 2 % аспайтын стандартты сайманмен анықтайды. Бір ӨАГ үшін әрбір өлшеміне үш параллель өлшеу жүргізеді.

Өлшеу нәтижесі ретінде орташа арифметикалық мәні қабылданады.

7.2.3 Жабдықталған ӨАГ салмағы және жабдықталған ӨАГ ішіндегі АӨҚ салмағы.

Жабдықталған ӨАГ салмағы мен жабдықталған генератордағы АӨҚ салмағын өлшеу қателігі 2 % аспайтын таразыға тарту арқылы анықтайды.

Әдепкіде жабдықталған ӨАГ өлшейді, одан кейін оны бөлшектейді де оның ішіндегі аэрозоль түзетін өрт сөндіргіш құрамды өлшейді.

Ескерту - Нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес бөлшектеуге рұқсат етілмейтін ӨАГ үшін жабдықталған өрт сөндіретін аэрозоль генераторының салмағы ғана анықталады.

Анықтау нәтижесі ретінде бір ӨАГ үш параллель өлшеудің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

7.2.4 Дайындаушы мәлімдеген шартты герметикалық үй-жайдағы ең үлкен өрт сөндіру көлемін және ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің В сыныбына жататын үлгілік өрт ошағына қатысты өрт сөндіруге қабілеттілігін анықтау.

Шартты герметикалық үй-жайдағы өртті сөндірудің ең үлкен көлемін анықтауды және ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің В сыныбына жататын үлгілік өрт ошақтарына қатысты өрт сөндіруге қабілеттілігін тексеруді мынадай бірізділікпен жүргізеді:

7.2.4.1 Негізгі талаптар

Сынау отпен сынауларды жүргізуге арналған, оператордың қауіпсіз жұмыс істеу жағдайларын қамтамасыз ететін және жақсы жарықтандырылуы мен желдетілуі бар үй-жайда жүргізіледі.

Сынаққа арналған үй-жай - көлемі бір уақытта сыналатын барлық ӨАГ үшін қорғалатын шартты герметикалық үй-жайлардың ең үлкен көлемі мәнінің сомасына тең болуы тиіс шартты герметикалық үй-жай.

Сынаққа арналған үй-жай көлемінің іс жүзіндегі мәнінің талап етілетінінен ауытқуы 5 % аспауы тиіс.

Сынақ жүргізуге арналған үй-жайдың биіктігі ұзындықтың енге қатынасы 1:1-ден 2:1 дейінгі және ұзындықтың биіктікке қатынасы 1:1-ден 2:1 дейін шекте болған жағдайда 3 м кем болмауы тиіс. ӨАГ биіктігі 3 м кем үй-жайларда қолдануға арналған жағдайда сынақтарды өзінің геометриялық мөлшері бойынша осындай ӨАГ-мен қорғауға арналған үй-жайларды еліктететін шартты герметикалық көлем ішінде жүргізуге рұқсат етіледі.

Сынау кезінде ауа ағымының жылдамдығы 2 м/с артық болмауы тиіс.

Сынау алдында ӨАГ (20 ± 5) °С температурада кем дегенде 24 сағат бойы ұсталуы тиіс.

7.2.4.2 Сынау жабдығы:

- В сыныбына жататын үлгілік өрт ошақтары –кем дегенде үш 1В дәрежелі үлгілік өрт ошақтары. 1В дәрежелі үлгілік өрт ошағы болаттан жасалған домалақ түптабақтан тұрады. 1В дәрежелі үлгілік өрт ошағының мөлшерлері Б қосымшасының Б.1-кестесінде берілген.

Е с к е р т у – Үлгілік өрт ошағын белгілеудегі «В» әрпінің алдындағы сан түптабақтағы бензин мөлшерін литрмен көрсетеді. Жанғыш материал ретінде ГОСТ 2084 бойынша жаздық А-76 маркалы бензин қолданылады.

- сым диаметрі 0,1 мм аспайтын ТХА типті жылуэлектрлік түрлендіргіштер. Әрбір үлгілік өрт ошағына екіден жылуэлектрлік түрлендіргіштер орнатылады. Жылуэлектрлік түрлендіргіштің біреуін үлгілік өрт ошағының үстіне (ортасына) оның жоғарғы шетінен (10 ± 2) мм қашықтықта, екіншісін - үлгілік өрт ошағынан шеткері оның жоғарғы шетінен (100 ± 20) мм қашықтықта бекітеді;

- кернеу өлшеу ауқымы жылуэлектрлік түрлендіргіштің жылуэлектрлік қозғау күші мәнінің ауқымына сәйкесетін және уақыт өлшеу дәлдігінің қателігі 1 с аспайтын, уақыт ішінде жылуэлектрлік қозғау күшін өлшеуге және өлшеулерді тіркеуге арналған құрылғы.

7.2.4.3 Сынауға дайындау

Сынаққа арналған үй-жайда бір немесе бірнеше сыналатын ӨАГ мен жылуэлектрлік түрлендіргіші бар үлгілік ошақтарды орналастырады.

Орнатылатын ӨАГ саны сынаққа арналған үй-жайдың эквивалентті көлеміне сәйкес болуы тиіс. Үлгілік ошақтарды еденде және еденнен биіктіктің 50 және 90 % тең қашықтықта оларға ӨАГ шығатын өрт сөндіргіш аэрозоль ағыны бағытталмайтындай етіп орнатады.

7.2.4.4 Сынақ жүргізу

Шырақтың көмегімен табақтардағы жанармайды жандырады. Еркін жану уақытын кем дегенде 60 с ұстайды. Жылуэлектрлік түрлендіргіштер көрсеткіштерін өлшеуге және тіркеуге арналған құрылғыны қосады және сыналатын ӨАГ іске қосады.

Үлгілік ошақтарды сөндіру уақытын ақырғы сөндірілген ошақтың термоэлектрлік түрлендіргіштер көрсеткіштері бойынша анықтайды. Ошақ үстінде орнатылған жылуэлектрлік түрлендіргіштен шығатын жылуэлектрлік қозғау күшінің мөлшері осы үлгілік ошақтың жанында орнатылған жылуэлектрлік түрлендіргіштен шығатын жылуэлектрлік қозғау күшінің мөлшерінен 20% аспайтын шамада артқан сәтке жетуді сөндіру өлшемі ден есептейді.

ӨАГ жұмыс істегенде алынатын аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігін мына формула бойынша анықтайды

$$C_{огн.аэр} = \frac{nM_{аос}}{V}, \text{ кг/м}^3 \qquad (1)$$

мұнда $M_{аос}$ - ӨАГ аэрозоль түзетін құрам зарядының салмағы, кг;

n - бір тәжірибеде сыналатын өрт сөндіретін аэрозоль генераторларының саны, дана;

V - сыналатын генераторлар үлгілік ошақтардың сөндірілуін қамтамасыз еткен шартты герметикалық үй-жайдың көлемі, м^3.

7.2.4.5 Сынау нәтижелері

Өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары сынақтан өтті деп саналады, егер:

- аэрозоль беру аяқталған сәттен бастап барлық үлгілік ошақтарды сөндіру уақыты 180 с аспаса;

- ӨАГ жұмыс істегенде алынатын аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігі ӨАГ нақты түріне арналған 1-кестеде көрсетілген мәндерден аспаса.

7.2.5 Жанғыш заттар мен материалдарға қатысты өрттерді сөндіру үшін осы ӨАГ ұсынылатын ӨАГ іске қосылған кезде алынатын аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігі.

7.2.5.1 ӨАГ жұмыс істегенде алынатын аэрозольдің жануы бықсумен жалғасатын (ГОСТ 27331 бойынша А1 өрт тобы) қатты заттар мен материалдарға қатысты өрт сөндіруге қабілеттілігін анықтау.

7.2.5.1.1 Негізгі талаптар

Сынақтар оператордың жұмыс жағдайлары қамтамасыз етілген, жақсы жарықтандырылған және желдетілетін отпен сынауды жүргізуге арналған үй-жайда жүргізіледі.

Сынаққа арналған үй-жай – шартты герметикалық үй-жай, көлемі бір уақытта сыналатын барлық ӨАГ үшін қорғалатын шартты герметикалық үй-жайлардың ең үлкен көлемдерінің мәніне тең болуы тиіс, осының өзінде ол 50 $м^3$ кем болмауы тиіс.

Сынаққа арналған үй-жай көлемінің іс жүзіндегі мәнінің талап етілетінінен ауытқуы 5 % аспауы тиіс.

Сынақ жүргізуге арналған үй-жайдың биіктігі ұзындықтың енге қатынасы 1:1-ден 2:1 дейінгі және ұзындықтың биіктікке қатынасы 1:1-ден 2:1 дейін шекте болған жағдайда 3 м кем болмауы тиіс. Үй-жайда қарама-қарсы қабырғаларда екі жабылатын ойық болуы тиіс. Олардың әр қайсысының ауданы 2 $м^2$ кем болмауы тиіс.

7.2.5.1.2 Сынау жабдығы:

- А сыныбының үлгілік өрт ошағы;

А сыныбының үлгілік өрт ошағының құрылғысы мен параметрлері В қосымшасында берілген. Сынау жүргізу үшін 1А үлгілік өрт ошағы пайдаланылады.

- жылуэлектрлік түрлендіргіштер және 7.2.4.2 т. бойынша уақыт ішіндегі жылуэлектрлік қозғау күшін өлшеуге және тіркеуге арналған құрылғылар.

7.2.5.1 3 Сынақ жүргізу

Сынаққа арналған үй-жайда бір немесе бірнеше сыналатын ӨАГ және ортасында жылуэлектрік түрлендіргішті орнатылған 1А үлгілік өрт ошағын орналастырады.

Үлгілік ошақтарды еденде оған ӨАГ шығатын өрт сөндіргіш аэрозоль ағыны бағытталмайтындай етіп орналастырады. Сынаққа арналған үй-жайдың ойықтарын ашады, үлгілік ошақты жағады. Үлгілік ошақтың еркін жану уақыты аяқталғаннан кейін, ол тура (7 ± 1) мин болуы тиіс, сынаққа арналған үй-жайдың екі ойығын жабады, өлшеуге және жылуэлектрлік түрлендіргіштердің көрсеткіштерін тіркеуге арналған құрылғыны қосады да сыналатын өрт сөндіретін аэрозоль генераторын іске қосады.

ӨАГ жұмысы (7 ± 1) мин аяқталғаннан кейін сынаққа арналған үй-жайдағы ойықтарды ашады, өлшеуге және жылуэлектрлік түрлендіргіштердің көрсеткіштерін тіркеуге арналған құрылғыны ажыратады. Сынаққа арналған үй-жайдағы ойықтарды ашқаннан кейін үлгілік ошақта жалындап жанудың не бықсу ошақтарының барын немесе жоғын көзбен қарап анықтайды.

1А үлгілік өрт ошағының ортасында орнатылған жылуэлектрлік түрлендіргіш көрсеткіштерін тіркеу нәтижелерін өңдейді.

7.2.5.1.4 Сынау нәтижелері

Өрт сөндіретін аэрозоль генераторы сынақтан өтті деп саналады, егер оның жұмысы аяқталғаннан кейін үлгілік өрт ошағында температураның төмендеуі белгіленсе және ойықтарды ашқаннан кейін онда жалындап жану не бықсу ошақтары байқалмаса.

Аэрозольдің өрт сөндіруге қабілеттілігін 7.2.4.4 т. (1) формула бойынша анықтайды.

7.2.5.2 ӨАГ жұмыс істегенде алынатын аэрозольдің жануы бықсусыз жүретін қатты заттарға қатысты (ГОСТ 27331 бойынша А2 өрт тобы) өртті сөндіруге қабілеттілігін анықтау.

7.2.5.2.1 Сынау жабдығы:

- сынаққа арналған үй-жай, жылуэлектрлік түрлендіргіштер мен уақыт ішінде жылуэлектрлік қозғау күшін өлшеуге және өлшеуді тіркеуге арналған құрылғы 7.2.4.1 және 7.2.4.2 т.т. сәйкес болуы тиіс;

- А сыныбының үлгілік өрт ошақтары.

А сыныбының үлгілік өрт ошақтары құрылғысы және параметрлері В қосымшасында берілген. Сынақ жүргізу үшін кем дегенде үш 0,1А үлгілік өрт ошақтарының үлгілері қолданылады.

7.2.5.2.2 Сынақ жүргізу

Сынаққа арналған үй-жайда бір немесе бірнеше сыналатын ӨАГ және жылуэлектрік түрлендіргіштері бар үлгілік ошақтарды орналастырады. Үлгілік ошақтарды олардың төменгі шетжақтары еденнен қашықтығы 10, 50 және 90 % тең биікте болатындай етіп тігінен орнатады. Үлгілік ошақтарға ӨАГ шығатын өрт сөндіргіш аэрозоль ағыны бағытталмауы тиіс. Барлық үлгілік ошақтарды үлгінің төменгі бөлігінен жандырады. Үлгілік ошақтардың еркін жану уақыты аяқталғаннан кейін, ол (60 ± 5) с тең, өлшеуге және жылуэлектрлік түрлендіргіштердің көрсеткіштерін тіркеуге арналған құрылғыны қосады да сыналатын өрт сөндіретін аэрозоль генераторларын іске қосады.

Нәтижелерді өңдеуді және бағалауды 7.2.4.4 және 7.2.4.5 т.т. мазмұндалған әдістерге сәйкес жүргізеді.

7.2.6 Өрт сөндіргіш аэрозольді жіберу уақытын анықтау.

7.2.6.1 Сынау жабдығы:

- стапель - ӨАГ қажетті биіктікке бекітуге арналған құрылғы;

- телевизиялық камера немесе кинокамера;

- өлшеу шегі 60 мин көп емес және бөлу бағасы 0,2 с көп емес секундомер.

7.2.6.2 Сынақ жүргізуге дайындау

Сынақтарды жүргізу үшін ӨАГ үш үлгісі қолданылады.

Қосу торабымен жабдықталған өрт сөндіретін аэрозоль генераторын желден қорғалған ашық кеңістікте орнатылған стапелге (кем дегенде 1 м биіктікте еркін қалыпта) бекітеді.

7.2.6.3 Сынақ жүргізу

Телекамераны (кинокамераны) қосады да ӨАГ қосу сигналын береді.

Қалған ӨАГ үлгілеріне сынақ жүргізіледі.

Сынақтар аяқталғаннан кейін бейне түсіру кадрларын өңдейді және әрбір тәжірибедегі өрт сөндіргіш аэрозолді жіберу уақытын анықтайды.

Өрт сөндіргіш аэрозолді жіберу уақыты ретінде ӨАГ өрт сөндіргіш аэрозолдің шыға бастауы және бітуі арасындағы уақыт аралығының орташа арифметикалық мәні қабылданады.

7.2.6.4 Сынау нәтижелері

Егер ӨАГ өрт сөндіргіш аэрозолдің шыға бастауы және бітуі арасындағы уақыт аралығының орташа арифметикалық мәні ӨАГ нақты түрі үшін 1-кестеде көрсетілген мәндердің шегінде болса өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары сынақтан өтті деп саналады.

7.2.7 ӨАГ серпінділігін (іске қосылу уақыты) анықтау

7.2.7.1 Сынау жабдығы:

- стапель - ӨАГ қажетті биіктікке бекітуге арналған құрылғы;

- температура бергіші – ТВР, ТХА немесе сым диаметрі 0,1 мм аспайтын ТХК типті жылуэлектрлік түрлендіргіш;

- ӨАГ қосу сигналын беру сәтін тіркеуге, температураны өлшеу ауқымы жылуэлектрлік түрлендіргіштің температуралық ауқымына сәйкесетін және уақыт өлшеу дәлдігінің қателігі 0,02 с аспайтын уақыт ішінде температураны өлшеуге және тіркеуге арналған құрылғы.

7.2.7.2 Сынақ жүргізуге дайындау

Сынақ жүргізу үшін ӨАГ үш үлгісі пайдаланылады.

Қосу торабымен жабдықталған ӨАГ үлгілерінің біреуін сынаққа арналған бокста немесе желден қорғалған ашық кеңістікте орнатылған стапелге 1-2 м биіктікте бекітеді. Температура бергішін ӨАГ шығару саңылауының осіне оның кесігінен 20 мм аспайтын қашықтықта орнатады да оны температураны өлшеуге және тіркеуге арналған құрылғыға жалғастырады.

7.2.7.3 Сынақ жүргізу

Тіркеу және өлшеу құрылғысын қосады, одан соң ӨАГ қосу сигналын береді.

ӨАГ жұмысы аяқталғаннан кейін тіркеу нәтижелерін өңдейді.

ӨАГ қосу сигналы берілген сәт пен бергіште тіркелетін температураның жоғарылауы басталған арадағы уақыт аралығын анықтайды.

Температураның жоғарылауы басталғаны деп температура бергіші көрсеткіштерінің графикалық тәуелділіктің тік сызықтық бөлігінің осы тәуелділіктің қисық сызықтық бөлігінің температурасына түйіскен нүктесі саналады.

Қалған ӨАГ үлгілеріне сынақ жүргізіледі.

ӨАГ серпінділігі ретінде өлшеу нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

7.2.7.4 Сынау нәтижелері

Егер ӨАГ серпінділігі ӨАГ нақты түріне арналған 1-кестеде көрсетілген мәнге сәйкес болса өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары сынақтан өтті деп саналады.

7.2.8 ӨАГ жұмысы кезінде түзілетін температурасы 75, 200 және 400 °С аймақтар өлшемдерін анықтау

7.2.8.1 Сынау жабдығы:

Сынақ жүргізу үшін 7.2.4.2 т. бойынша жылуэлектрлік қозғау күшін өлшеуге және өзгеруін тіркеуге арналған құрылғы қолданылады.

7.2.8.2 Сынақ жүргізуге дайындау

Сызықтық мөлшерлері сыналатын ӨАГ нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларында көрсетілген температурасы 75 °С асатын аумақ мөлшерінен кем дегенде екі есе асатын үй-жайдағы стапелге өрт сөндіретін аэрозоль генераторы аэрозолдің еркін ағуы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

ӨАГ-ден нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларында көрсетілген тиісті қашықтықта тіркеу құрылғысына қосылған жылуэлектрлік түрлендіргіш орнатылады.

7.2.8.3 Сынақ жүргізу

Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ӨАГ қосады.

Генератордың барлық жұмыс уақыты ішінде әрбір жылуэлектрлік түрлендіргіштің ең жоғары температура көрсеткіштерін тіркейді.

Өлшеуді ӨАГ үш үлгісіне бірізділікпен жүргізеді.

7.2.8.4 Сынау нәтижелері

Егер әрбір түрлендіргіштегі ең үлкен температура көрсеткіштерінің орташа арифметикалық мәндері әрбір аумақ үшін нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларында көрсетілген ӨАГ нақты түріне арналған мәндерден аспаса өрт сөндіретін аэрозоль генераторлары сынақтан өтті деп саналады.

7.2.9 Өрт сөндіретін аэрозоль генераторының қосылуы электрлік сигналмен қамтамасыз етілетін ӨАГ іске қосылуын

7.2.9.1 Сынау жабдығы:

- стапель - ӨАГ қажетті биіктікке бекітуге арналған құрылғы;

